

**"Облыстық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы"
Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № А-7/266 қаулысына өзгеріс
енгізу туралы"**

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 2 мамырдағы № А-5/198 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 мамырда № 6627 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

"Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9934 болып тіркелген) сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Облыстық бюджет шығыстарының басым бағыттарының тізбесін анықтау туралы" Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № А-7/266 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5439 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) келесі өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған қаулының қосымшасында:

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"3. Алимент, міндетті зейнетақы жарналары, ерікті зейнетақы жарналары, әлеуметтік аударымдар, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар, жәрдемақылар және өзге әлеуметтік төлемдер, шәкіртақылар."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары О.А.Бектеновке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының
әкімі

М.Мырзалин